

**Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша ата-аналармен өткізілген
жиналасы хаттамасы №3.**

01 тамыз 2025ж.

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы

Қатысқандар саны-62 ата-ана. (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Қаржылық және материалдық білім алушылар мен тәрбиеленушілерге көмек көрсету» мемлекеттік қызметі туралы түсіндіру.
2. Қызметті алу үшін қажет құжаттар тізімі мен рәсімдеу тәртібі.
3. Әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және ерекше білімді қажет ететін балаларға көмек көрсету жолдары.
4. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары.

ТЫНДАЛДЫ

1. Мектеп-гимназия директоры А.М. Тургумбаева

Мемлекеттік қызметтің мақсаты – әлеуметтік осал топтағы білім алушыларды қолдау екенін атап өтті. Сонымен қатар, қызметтің заңнамалық негізі ҚР Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінде бекітілгенін түсіндірді.

2. Әлеуметтік педагог Хасенов С.С.

Көмек түрлері (оку құралдары, киім-кешек, жолақы, бір реттік қаржылай көмек және т.б.) мен қызметті алу тәртібі туралы ақпарат берді. Қызметті алу үшін:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландаудың құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) мәліметтер болмаған жағдайда не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың (балалардың) түу туралы куәлігі электрондық нысанда немесе оның қағаз жеткізгіштегі көшірмесі;
- 4) неке қилю немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған жағдайда);
- 5) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы, осы Қағидалардың 3) тармақшасында көрсетілген адамдар санатын патронаттық тәрбиелеуге және қабылдау отбасына беру туралы уәкілетті органның шешімінің көшірмесі;
- 6) осы Қағидалардың 4) тармақшасында көрсетілген тұлғалар санаты үшін "Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 46 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10325 болып тіркелген) бекітілген Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан авариялардың, зілзалалардың, апаттардың себептерін тергеп-тексеру актісі қоса беріледі.
- 7) Осы Қағидалардың 5) тармақшасында көрсетілген адамдардың санатын отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру қорытындысы негізінде білім беру қамқоршылық кеңесі айқындейді.

Сынып жетекшілер бірлестігінің Рекалиева Г.М.

Әр сыныптағы әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылардан шықкан, ата-анасының қамқорлығының қалған жөне ерекше білімді қажет ететін балалардың тізімі жасалып жатканын хабарлады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ

- Мектеп әкімшілігі қызметтің электронды үкімет порталы (Egov.kz) арқылы да ресімделе алатынын жөне мектеп тарапынан қолдау көрсетілетінін түсіндірді.
- Ата-аналар комитеті өкілі ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. «Каржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметі туралы толық акпарат барлық ата-аналарға жеткізілсін.
2. Әлеуметтік педагогқа құжаттарды қабылдау және ресімдеу бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету тапсырылсын.
3. Сынып жетекшілеріне көмекке мұқтаж балалардың тізімін нақтыладп, мектеп әкімшілігіне ұсыну жүктелсін.
4. Мектеп әкімшілігі тарапынан бұл мәселе тұрақты бакылауға алынсын.
5. Ата-аналар комитетіне әлеуметтік қолдау бағытында ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы:

А.М. Тургумбаева

Хатшы:

А.Х. Қалиева